

"Мемлекеттік қаржы жүйесінің ақпараттық-телекоммуникациялық қызмет көрсету орталығы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 шілде N 956. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.05. N 1501 қаулысымен. ~P001501

Ақпараттандыру процесін интеграциялау мен бірдейлендіру және мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыруға жұмсалатын шығындарды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) 1999 жылдың 20 шілдесіне дейін мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен Қаржы жүйесін ақпараттандыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен "Банкаралық және қаржы телекоммуникацияларының орталығы" жабық акционерлік қоғамын жарғылық капиталына мемлекет 100 % қатысатын "Мемлекеттік қаржы жүйесінің ақпараттық-телекоммуникациялық қызмет көрсету орталығы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АТҚО) етіп құра отырып біріктіру жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1999 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде АТҚО-ға қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі бойынша 1999 жылдың 20 шілдесіне дейінгі мерзімде АТҚО-ның жарғысын бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1999 жылдың

1 тамызына дейінгі мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен АТҚО-ны тіркесін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне АТҚО акцияларының мемлекеттік пакетін бара-бар негізде иелену мен пайдалануға үәкілеттік берілсін.

6. АТҚО-ның акционерлік жиналышына АТҚО директорлар кеңесін мына құрамда сайлауга ұсыныс берілсін:

Абдуллина - Ұлттық Банк төрағасының
Нәйла Құрманбекқызы орынбасары (келісім бойынша)

Әбдірахманов - "Банкаралық және қаржы
Болат Қамарханұлы телекоммуникацияларының
орталығы" ЖАҚ-ның директоры

Бектасов - Қазақстан Республикасының
Әбен Ағыбайұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Айтмұхамбетұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Жәмішев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Болат Бидахметұлы вице-министрі

Исин - "Қаржы жүйесін ақпараттандыру
Нұрлан Құрманғалиұлы орталығы" РМК директоры

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.